

## 2021-2022 оқу жылы

2021 жылы Ұстаздар күніне орай кафедраның аға оқытушысы Налмишова Қызбиби Нұржанқызы Ректордың алғыс хатымен, ал кафедрамыздың аға оқытушысы Битұрсын Ғалымжан Шәмшідінұлы - "ОҚМПУ - 80 жыл" мерейтойлық медалімен марапатталды.

2021-2022 оқу жылына ОҚМПУ қабылдау комиссиясы жұмыстарының жоғары дәрежеде тиянақты орындалуына және талапкерлерді молынан қабылдау кезінде өз міндетіне аса жауапкершілікпен қарап, іскерлік танытқаны үшін География кафедрасының аға оқытушысы Арыс Айсұлу Сабанбайқызы, оқытушы Қарабаева Ақмарал Махсұтбековна Ректордың Алғыс хатымен марапатталды.

2020 жылдың 8 наурызы қарсаңында кафедра меңгерушісі - география ғылымдарының кандидаты, доцент Тажекова А.Д. кафедрадағы жемісті еңбегі үшін "ОҚМПУ – нің 80 жылдығы" медаліне ие болды.

Бүгінгі таңда "География" кафедрасы қазіргі заман талабына сай жоғары білікті мамандарды дайындауға үлкен үлес қосатын, ОҚМПУ-дың қарқынды дамып келе жатқан білім беру және ғылыми кафедраларының бірі болып табылады.

2017-2018 оқу жылында кафедра университет бойынша Ғылыми көрсеткіштер бойынша бірінші орынға ие болды. э.ғ.к., аға оқытушы Г.Б. Исатаева ПОҚ арасында мониторинг бойынша ең жоғары баллмен алғашқы он оқытушы құрамына кіреді.

\* 2017 жылы кафедра оқытушысы э.ғ.к., аға оқытушы Г.Б. Исатаева "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" атағына ие болды.

\* ҚР БҒМ жанындағы "BILIM ORKENIETU" ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы ұйымдастырған 2019 жылға "Үздік ұстаз" төс белгісімен аға оқытушы Қ. Н. Налмишова;

\* ҚР БҒМ жанындағы "BILIM ORKENIETU" ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен 2019 жылғы "Үздік ғалым" төс белгісімен э.ғ.к., аға оқытушы У. К. Сартбаева;